

3. КӨРКЕМ ЖӘНЕ МЕДИАДИСКУРС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.С. Рахымов

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы
А.К. Макешова, 1-курс магистранты

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ МӘТІН МӘСЕЛЕСІ

Қазақ фольклорының жиналуы, жариялануы, басқа халықтар тілдеріне аудару мен ғылыми тұрғыдан зерттеулер жасалғандығының өзіндік тарихы барлығы мәлім. «Жалпы түркі тілдес халықтарға, соның ішінде қазақ халқына тән фольклорлық нұсқалар сонау V – VIII ғасырлардың тасқа жазылған жәдігерлері. Орхон – Енисей ескерткіштерінен де кездеседі. Әсіресе Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жазбаларында неше алуан тапқыр, шешендік сөздер, оқиғалар мен тарихи қайраткерлерді эпикалық дәстүр ізімен әсірелеп суреттеу жиі ұшырайды. Бұл мысалдарды қазақ фольклорының ертедегі нұсқалары деп қарауға болады» [1,4].

Ғылымда алғашқы шығу тегі мен дамуы VIII – IX ғасырларда пайда болғаны нақтыланып, берідегі XV ғасырда хатқа түскен Қорқыт оқиғалары да қазақ халық ауыз әдебиетінің бастау негіздерін түсіндіреді. XI ғасырдағы Махмуд Қашғаридың «Диуан лұғат ат түркіnde» немесе «Кодекс куманикусте» ғибрат боларлық нақыл сөздер топтастырылған.

Бұдан кейінгі Қазақстанның Ресей құрамындағы кезеңдердің басындағы фольклорды жинақтау көбінесе шолу, жолжазба, естеліктер арқылы жүргізілген. Мұның дәлелін XVIII ғасырдағы қазақ елінің өміріне қатысты жазылған П.И. Рычков, П.С. Палас, И.Г. Георги, И.Ф. Фальк және т.б. болса, XIX ғасырдың алғашқы жартысында бұл іске Т.Спаскии, Е.К. Мейендорф, А.И.Левшин, С.Броевскийлер араласады [2,10].

XIX – XX ғасырлар кезеңіне келгенде қазақ фольклорын жинау мен жариялау, зерттеу мәселелерінде үлкен өзгерістер болғандығы мәлім. Әйгілі ғалымдар ретінде В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ш.Ш. Уалиханов, А.В. Васильев, И.Н. Березин, Н. Ильминский, П.М. Мелиоранский, Ә.А. Диваев, Н. Коншин, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев және т.б. есімдері қазақ фольклортану ғылымында айрықша орын алды [3,67].

Бұдан әрі Кеңес дәуіріндегі кезеңдегі қазақ фольклорының жинақталуы, жариялануы, басқа халықтардың тілдеріне тәржімалануы мен ғылыми тұрғыдан зерттелу тарихы барлығы белгілі. Ұлттық фольклортанудағы рухани құндылықтарымыздың жиналуы, жариялануы, зерттеу мәселесіне шолулар жасауымыздың өзіндік себебі де баршылық. Ең бастысы бабадан қалған аманаттың жиналуы, қағаз бетіне түсуі мен жариялануында жеткен жетістіктерде және зерттелуінің жүйесін тұтастай жүргізу керек. Бұл мәселені шетел фольклортанушылар етіп келе жатқан ғалымдарда ескерткен [5].

Бір белгілісі фольклорда алғаш жиналуы, жариялануы, басқа халықтар тілдеріне аудару нәтижесінде фольклорлық нұсқа, вариант, версия ұғымдары пайда болды. Жинақталған мұралардың нәтижесінде жанрлардың ішкі дамуы, бір-бірімен араласуы, өзгерістердің болуы себептері анықтала бастады. Енді кезек мәтін (текст) мәселесіне көшіп, текстология мәселесі көтеріле бастады. Алайда біздің фольклортану ғылымында текстология ғылымы толық қалыптасып, бұл істің басында тұрған А.Н. Веселовский, А.А. Потебняның тіл мен фольклорға тұжырымдарына жауап бере алды дегенді айта алмаймыз. Бұл кемшіліктер бүгінгі зерттеулерде айтыла бастады. Қазақ фольклорының XX ғасырдағы зерттелу тарихына үңілген Ы.Қ. Жүсіпов былай дейді. Жалпы, фольклорлық шығарманың қағазға түсу уақыты мен орнының көрсетілмеді, сондай-ақ мәтінді айтушы, жеткізуші жөніндегі ақпараттық деректердің болмауы т.б. – бәрі мәтін паспортын толыққанды толтырудағы елеулі кемшілік. Сонымен қатар естігенді сол қалпында дәл, не толық қағазға түсіре алмау да – бәрі әлемдік фольклортану ғылымында құпталмайтын жағдай [6,15] дейді. Зерттеушінің бұл пікірін дәлелді екендігін XIX ғасырдағы қазақ фольклорында есімдері ерекше аталып, құрметтелетін В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә.Диваев және т.б. еңбектерінен де ұшыратамыз. Бұлардың бірі ауыз әдебиетінің үлгісін кімнен, қашан, қай жерде жазып алғанын ескертсе, келесілері мүлде атамай кеткен. Айтушылар жөнінде толықтай ақпарат жасалмаған. Осындай олқылықтар барлығын аңғарып, дер кезінде дабыл қаққан қаламгерлерде болған. Мәселен, рухани мұраға айрықша көңіл бөлген М.О. Әуезовтің 1925 жылы жазылған «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақаласы соның нақты

дәлелі деуге тұрарлық. Осы еңбегінде М.О. Әуезов фольклорды жинаушыларға төмендегідей төрт талап қойғандығын көреміз:

1. Бұл іс бір ғана мамандардың жұмысы емес, кәрісі бар, жасы бар сол үлгілерді жатқа білетін және оны қағазға түсіре алатын барлық жамағаттың міндеті;

2. Айтушы ел ішіндегі сөзді жатқа білетін кәрі құлақты қариялар болса, жазып алатын сауаты мол оқушы жастар мен оқытушылар болғаны абзал. Жинаушыға қойылатын шарт: барлық сөз айтушының дәл аузынан шыққан қалпында жазылып алынуы керек.

3. Фольклорды жинап, хатқа түсіру науқанын жаз айларында, оқушылардың жазғы демалыс кезінде жүргізген жөн.

4. Күзде барлық фольклор материалдары жиналып тапсырылған соң, оларды қыс бойы жүйеге келтіріп, баспаға әзірлеу зерттеу жұмыстары атқарылуға тиіс. Жазда осы цикл қайта басталады. Сөйтіп, әдебиет ескілігін жинап, жариялау ісі үздіксіз процесс ретінде жүріп отырады [7] - деп жазған. Талантты тұлғаның дер кезінде осы айтқандары ескеріліп, Қазақстан ҒА қарасты тіл және әдебиет институты тарапынан 1939, 1946, 1949, 1950 жылдары арнайы ел ішіне экспедициялар ұйымдастырылып, көптеген құнды қазыналар жинақталады. Бұдан бұрынғысы бар, осы экспедиция материалдары мен кейінгі жинау, жариялау істері негізінде фольклортанудың аясы кеңейді.

Жинақталған мұраларды толық тексеріп, ғылыми тұрғыдан зерттеу ісінде ата-бабалар аманатын қайтадан жырлатып, күйтабаққа, үн таспаға, радиоға, аудиожазба, бейнетаспадан көру, бүгінде интернеттен табуға болатын күйге жетті. Осының бәрінде (текст) мәтін мәселесі басты орынға шығып, фольклор мәтіні ұғымы қалыптасты. Алайда, фольклор мұраларын мәтіндік жағынан жазып алу, жекелеген жанрлар бойынша жинақ ретінде жарыққа шығару кезіндегі сөздіктер бойынша мәтіндік анықтамалар жасалатыны баршаға аян. Ғылыми тұрғыдан типологиялық және поэтикалық зерттеулер аясында тілдік талдаулар жүргізіп, рухани қазыналардың эстетикалық қуаты қарастырылады. Бұл мәселеге қазақ лингвофольклортану ғылымы тым кеш араласа бастағанын сөз арасында айта кеткен жөн. Кеңес дәуірінің құрсауынан шыға алмаған этнолингвистика, этнопедогогика, психолингвистика салалары да бұл іске байланысты бүгінде бетбұрыс жасап, назар аударарлық бастамалар көтере бастағаны қуантарлық.

Елімізде 2004 жылы Елбасының бастамасымен «Мәдени Мұра» бағдарламасы қабылданып, үздіксіз игі істер жүзеге асты. Соның басты бір көрсеткішін «Бабалар сөзі» деп аталатын, қазақ фольклорының жүз томдық жинағын атауға болады [8]. Атадан-балаға ауызша жетіп, сан ғасырларды көктей өткен рухани құндылықтардың тұтастай жарыққа шығуын тәуелсіздіктің басты нәтижесі деуге тұрарлық.

Міне, осы игі істі фольклортанушылар: «Ауыз әдебиетінің түрлерінің нұсқалары, варианттары жүйелі беріліпті. Жырдың толық мәтіні, алғашқы мәтіндері, айтушы сөзі өзгермегенін мәтінінен белгілі болды» деген сөздермен ерекшелейді. Бұл фольклорлық шығарманы мәтіні екені рас. Алайда, бұдан фольклорлық шығарманың толық табиғаты танылмайды. Фольклорлық шығарма түрлі қимыл-қозғалыс, музыкалық аспаптар арқылы орындалады. Айтушының айту мәнері, анықтай айтсақ өзіндік мақамы болады. Тыңдарманға және бүгінгі білгісі келетіндерге осыны үйретіп, содан кейін жанр арқылы мәтін талдауға көшу керек. Фольклор мәтініндегі сөз қайталаулар, ырым-кәделер турасындағы атаулар, салт-дәстүрлердің баяндалу ерекшеліктері де зерттеушілерге ғылыми құнды деректемелер бере алады. Екінші жағынан фольклор мәтінің көп қырлылығы нақтылана түседі.

Қазақ фольклортану ғылымында мәтін мәселесі енді қолға алынып, тәуелсіздіктің арқасында құлашты кеңге жаза тексеруді керек етеді. Бұл мәселеде қазақ лингвофольклортану ғылымы араласа алса, ұлттық фольклортану ғылымында тың жетістіктер болары анық.

Игі істер ізгілік жолына бағыт алып, ғылыми нәтижелері нәр болсын дейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ фольклористикасының тарихы: (революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.
2. Сонда.
3. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын зерттеу мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы. – Алматы: Тіл-оқу әдістемелік орталығы, 2011. – 206 б.
4. Землянова Л.М. Современная американская фольклористика. – М.: Наука, 1975. – 312 с.; Кокъяра Дж. История фольклористики в Европе. – Москва: Иностранная литература, 1960. – 690 с.; Соколов Ю.М. Русский фольклор. – Москва: Учпедгиз, 1941. – 340 с.; Березовский И.П. Украинская советская фольклористика. – Киев: Народова думка, 1963. – 343 с.
5. Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, 1972. – 298 б.; Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б.

6. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын жинау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы. Оқу құралы. – Павлодар: Brand Print, 2010. – 181 б.
7. Әуезов М. Әдебиет ескілігін жинаушыларға. Қазақ тілі. 23 сәуір 1925.
8. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2008.

Ж.Қ. Смағұлов

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Г.Е. Сайрамбек, 1-курс магистранты

ҚАҒАРМАН Т. ӘУБӘКІРОВ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БАСТАУ КӨЗІ

Қазақ қыраны Тоқтар Әубәкіров туралы жазылған мақалалар мен шығармалар 1990 жылдардан бастап қарқынды жазылып келеді. Алғашқы сынақшы-ұшқыш қазақ туралы БАҚ-та көптеген өмірі мен құпия қызметіне қатысты мәліметтер келтіріліп шығып жатты. «Жұлдыздар биікте жанады» деген атаумен Максұм Омарбеков Егемен Қазақстан газетінде мақаласын жариялайды. Бұл «National Digital History of Kazakhstan» ғаламторында тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқанына да 25 жыл толуына орай газеттің тарихи беттерімен материалдарды бұқараға көрсетеді. Автор Совет Одағының батыры атағын алған бірқатар батырларымызды Талғат Бигелдинов пен Нүркен Әбдіровтің жолын жалғастырған батыр Тоқтар Әубәкіров деп көрсете жазады. Алғы сөзінде «Күллі қазақ атынан ғарышқа ұшқан тұңғыш рет мүмкіндік алып отырған Қарқаралық батыр бауырымыз туралы», – деген аңдатпа береді. Ғарыш әлеміндегі алғашқы жаңалықтар осылай басталады.

Бүгінге дейін ғарышкерімізге арнап жүзден аса мақалалар мен терең толғаулар, естеліктер-эсселер жазылды. Талғат Сүйінбай, Жүсіпбек Қорғасбектің «Ғарышкер»(1994) еңбегі қазақ ғарышкерін алғашқы ғұмырнамасын жазып, Шерхан Мұртаза, Олжас Сүлейменовтің қолқасымен шығарды. Тырнақалды зерттеулер осылайша басталып кетеді. ХХІ ғасырдан бастап газеттерде ғарышкердің оқиғаларын сіңдіре жазады. Асауов Д. «Жерде жүр, жанарынан от бораған аспанды аңсап жүрегі, Тоқтар ағам!» (2006), Байтұрсын Т. «Ғарышкердің ұстаздары» (2003), Ермекбаев Т. «Ғарышта – қазақ қыраны» (2001), Жәмкенов С. «Арқадан ұшқан ақиық» очеркі (2006), Жөкіпбаев Е. «Ғарышкер Тоқтарға» (2001), Жұмағали С. «Қазақтың һас батыры» (2006), Мақұлбек Р. «Тұңғыш» (2005), Б. Нүржекеұлының құрастыруымен «Жүз тұңғыш» 2-кітап (2005), Зұлқажаев А. «Батырымызды бағалай білеміз бе?:Т.Әубәкіров - 60 жаста» (2006), «Көркемсуретті Қазақстан тарихы»4-том: Қазақстан ХХғасырдың екінші жартысынан біздің уақытымызға дейінгі тарихты құрастырған О.Жанайдаров (2007) қазақ энциклопедиясы, Мақаш Д. «Ғарышкерлер мүйісі» (2001), Махамбет М. Ерлік Ақыл парасатынан туады: (Кенес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, запастағы авиация генерал-майоры Т.Әубәкіровпен сұхбат) // Қазақстан сарбазы(2004), Сланбекұлы М. Қыранын аялаған Қарқаралы үш жүздің басын қосты» (2001), Тайшыбай З. «Тоқтар Әубәкіров және "Адмирал Кузнецов: тарих және тұлға» (2007), Тұяқова А. «Ғарышты бағындырған қазақ: Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқанына - 15 жыл» (2006). Ал ғасырдың оныншы жылдары төңірегінде Әубәкіров, Т. "Қазақтың намысы екенімді ұққан күнім..." Талғат Сүйінбай (2011), Әубәкіров, Т. «Ғарышта алақанына сыйып кетердей, бейкүнә, тап- таза, көкпенбек боп көрінген жерді құшағына алып жылағың келеді» Жұлдыздар отбасы Аңыз адам журналында 2013 жарық көрді. Әубәкіров, Т. "Киелі қасқырға кезелген мылтығымның оқтары шашылып қалды" Арқа Ақшамы (2016), «Ғасырға бергісіз ғарыш» Қазақстан кәсіпкер (2015) жылдары жазылды. Көптеген мақала, сұхбаттардың жарыққа шыққанын көреміз. Жаза берсең бұл тізімнің соңына жетпейміз. Жүзге жуық мақалалар «Орталық Қазақстан», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын» және бұдан өзге газет-журналдар жарыққа шығарып отырды. Оған көптеген зерттеушілер, журналистер үлкен үлес қосты. Ш. Күмісбаев «Тұңғыштар» (2012), М.Сембай, М.Асанның құрастыруымен «Наркескен» жинағы кітап болып (2016) шықты. Бұдан өзге Мағауия Сембайдың «Ғарыштағы пәтер» (2019), Талғат Сүйінбайдың «Тонини қайықта тұрып жатыр»(2020) мақалалары, Т.Әубәкіровтің «Тіл» газетінде 2012 жылы «Бірнеше тіл білген ұтылмайды», "Қазақтың намысы екенімді ұққан күнім..." Талғат Сүйінбайдың 2011 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне жазған мақалалары бүгінге дейін шығып келеді. «Байтақ елімнің Байқоныры» атты мақала Тоқтарға арналып «Орталық Қазақстан»